

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алуын субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 ақпан N 191

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңын , "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысын іске асыру және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштармен, тұқым дәрілерімен және гербицидтермен қамтамасыз етілуін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алуын субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 24 ақпандағы
N 191 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алуын субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Ауылшармині) 045 "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алуын субсидиялау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алуын субсидиялаудың шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Субсидия минералдық тыңайтқыштар, тұқым дәрілерін және гербицидтер өндіруші отандық ұйымдардан (бұдан әрі - Зауыттар) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сатып алатын минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің құнын ішінара өтеуге арналған.

3. Зауыттар, минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілері мен гербицидтердің ассортименті, көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ауылшармині мен Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің (бұдан әрі - ИСМ) бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

Субсидиялар Зауыттарға жоспарланған егіс алқабына енгізудің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес Ауылшармині минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің түрлері бойынша әр Зауытқа белгілейтін көлем шегінде және облыстардың бөлінісінде және 2003 жылға арналған республикалық бюджетте отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алуын субсидиялауға көзделген қаражат мөлшерін ескере отырып, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер нақты сатып алған минералдық тыңайтқыштар, тұқым дәрілері және гербицидтер үшін төленеді.

4. Зауыттар арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге осы Ереженің 5-тармағына сәйкес анықталған және 1 (бір) тоннаға (килограмм, литр) төленетін субсидия мөлшеріне азайтылған бағамен дербес немесе Зауыттар уәкілеттік берген облыстардағы минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сату жөніндегі өкілдері (бұдан әрі - Өкіл) арқылы сатады.

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер осы Ереженің 5-тармағына сәйкес анықталған минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің құнының 60 пайызын Зауыттарға төлейді.

1 (бір) тоннаға (килограмм, литр) бөлінетін субсидия мөлшерін Ауылшармині мен ИСМ субсидияланатын минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің әр түрі бойынша есептейді және минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің бір тоннасы (килограмм, литр) құнының 40 п а й ы з ш е г і н д е б е к і т е д і .

5. Субсидиялануға жататын минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілері мен гербицидтердің 1 (бір) тоннасының (килограмм, литр) бағасы мынадай тәртіппен а й қ ы н д а л а д ы :

Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Зауыттар Ауылшарминіне есептік және негіздеуші материалдарымен қоса субсидиялануға жататын минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтердің анықталған ассортименті бойынша баға жобаларын ұсынады.

Ауылшармині келісу үшін Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) есептік

және негіздеуші материалдарымен қоса субсидиялануға жататын минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің ассортименті бойынша олар мақұлдаған бағаларды ұсынады.

Агенттік ұсынылған есептік және негіздеуші материалдарды қарай келіп, Ауылшарминіне келісілген бағаны жібереді.

6. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді Зауыттардан да, Өкілдерден де сатып алуына құқығы бар.

2. Субсидияларды төлеу тәртібі

7. Зауыттар немесе Өкілдер арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатуды Ауылшармині бекіткен тізбе бойынша белгіленген көлем шегінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, арзандатылған минералдық тыңайтқыштар, тұқым дәрілері және гербицидтер өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін қызметі жерді пайдаланумен байланысты отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне сатылады.

8. Арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алғысы келетін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші Ауылшарминінің облыстық аумақтық органдарына (бұдан әрі - аумақтық органдар) мынадай құжаттарды:

Ауылшармині бекіткен нысан бойынша өтінімді; жерді пайдалануға арналған актінің нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады.

9. Аумақтық органдар арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алуға құқығы бар отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесін жасап, Ауылшарминіне жібереді.

Ауылшармині көрсетілген тізбені қарайды, бекітеді әрі оны Зауыттарға жібереді.

10. Ұсынылған тізбенің негізінде Зауыттар, аумақтық органдар және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері арасында арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді белгіленген көлем шегінде өндіру, сату және мақсатты пайдалану туралы үш жақты шарттар жасалады, онда, соның ішінде, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің оларды өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге пайдалану шарттары ескеріледі.

Өкілдер арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатқан жағдайда Өкілдер, аумақтық органдар және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында белгіленген көлем шегінде оларды сату және мақсатты пайдалану туралы үш жақты шарттар жасалады, онда, соның ішінде, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің оларды өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге пайдалану шарттары ескеріледі.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші арзандатылған минералдық

тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алудан бас тартқан жағдайда Ауылшармині ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бекітілген тізбесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

Минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді алу фактісі бойынша Зауыттар (Өкілдер), ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер және аумақтық органдар арасында Ауылшармині бекіткен нысан бойынша субсидияланған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді беру туралы үш жақты актіге қол қойылады.

11. Субсидия алу үшін Зауыттар ай сайын келесі айдың 15-і күніне, бірақ 2003 жылғы 10 желтоқсаннан кешіктірмей Ауылшарминіне мынадай құжаттарды: осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген шарттың түпнұсқасын; субсидияланған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді беру туралы актіні ұсынады.

Ауылшармині ұсынылған мәліметтерді тексереді және республикалық бюджеттен қаражаттың түсуіне қарай заңнамада белгіленген тәртіппен күнтізбелік жылдың аяғына дейін Зауыттардың шотына ақша аударады.

12. Ауылшармині Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына мынадай құжаттарды:

Ауылшарминінің Зауыттардың шотына қаржы аударуға арналған өтінімін; осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген Зауыттар (Өкілдер), аумақтық органдар және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері арасындағы шартты; субсидияланған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді беру туралы актіні ұсынады.

13. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің алған арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді мақсатты пайдалануы Ауылшармині бекіткен нысан бойынша аумақтық органдардың актісімен расталады.

Аумақтық органдар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер алған арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді мақсатты пайдаланған актілерді 2003 жылғы 15 желтоқсаннан кешіктірмей Ауылшарминіне ұсынады.